

**Бекболатова Куралай Маратовнаның 6D010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына**

**ШҚІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауының негізгі бағыттарының бірі - табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесіне сәйкес экологиялық қалдықсыз таза өндіріске назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құру. Осыған орай, экодизайн дамуы бүгінгі таңда әлеуметтік қоғам қажеттілігіне қарай маңызды мәселеден туындап отыр. Экология ұғымы өткен және қазіргі елбасының жолдауларындағы үшінші жаңғыру мен төртінші өнеркәсіптік төңкеріс жағдайында өзектілігі арта түсуде. Ғылым мен техниканың әлемдік өркендеп дамуы да, экологияның сақталуына әсерін тигізуде. Осы бағытта экология мәселелерін шешуде өзіндік ықпалы бар көркемдік білім беру саласындағы бейнелеу өнері және сызу мамандығының болашақ мұғалімдерінің экологиялық сауаттылығы мен экологиялық тәрбиесі, таза өнері немесе экодизайн технологияларын атап көрсетуімізге болады. Жалпы, бейнелеу өнері дамуы өзінің бастауын табиғаттан алады. Ал, қоршаған ортаның құбылыстары мен ондағы тыныс-тіршіліктер өнердің жаңалығына да, дамып, өркендеуіне де ықпал етеді. Еліміздегі төртінші өнеркәсіптік төңкеріс үдерісіндегі заманауи өнер саласындағы экодизайн технологияларының мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Сондықтанда қарастырылып отырған экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру тақырыбының көкейкесті мәселеге арналғаны ешқандай күмән тудырмайды. Себебі, қазіргі білім берудің жаңартылған бағыты да, болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігінің қалыптастыру бүгінгі бейнелеу өнерінен жаңартылған білім беру жағдайымызда аса маңызды.

**2. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі**

*Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге қол жеткізген:*

экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындаған;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың ерекшеліктерін негіздеген;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың моделін жасап, өлшемдерін, көрсеткіш деңгейлерін айқындаған;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың әдістемесін жасап және тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелденген.

*Осы аталған нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі* экодизайн технологиялары арқылы бейнелеу өнерінен білім берудің теориясы, болашақ бейнелеу өнері маманы күзиреттілігі; сәндік қолөнердегі шеберлік әрекеті туралы философиялық, әлеуметтанушылық, біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы; оқыту үдерісінің әдіснамалық негіздері; қазіргі білім беру мәселелері; кәсіптік білім беру; кәсіби еңбек әрекеттері, көркем білім беру мазмұнын дамытуға ықпал ететін педагогикалық-психологиялық және философиялық тұжырымдары мен ұстанымдарымен айқындалады.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық нәтижесі**

**3.1. Бірінші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі** – зерттеу мәселесіне орай іргелі және қолданбалы отандық, шетелдік педагогикалық, техникалық, экологиялық еңбектерді зерделеу барысында алынған дәйектермен айқындалады. Кәсіби білім, шеберлік ұғымдарының біріншіден, мүмкіндіктері мен ерекшеліктерінің шектерін белгілеуге мүмкіндік беретін кең ауқымды әлеуметтік-философиялық, деңгейде қаралуымен; екіншіден бейнелеу өнерінен білім алудың жалпы ғылыми теориялық зерттеу ерекшеліктерін талдау арқылы әлеуметтік-философиялық тұрғысын анықтауымен; үшіншіден білім беру, тәрбиелеу, адамның жеке тұлғалық дамуын зерттейтін нақты ғылымдар аясындағы бейнелеу өнерінен білім алуды жаңартылған білім беру мазмұнын зерттеу қарқынымен бағамдайды.

Кәсіби шеберлік бойынша ғалымдардың берген анықтамаларын талдап, бейнелеу өнерінен экодизайн технологиялары арқылы білім алудың әдістерін көрсетіп, бейнелеу өнеріндегі кәсіби шеберліктің атқаратын қызметтерін анықтауыда, алынған ғылыми жаңалығының құндылығын арттырады.

Осы айтылғанның бәрі, *біріншіден*, диссертанттың зерттеу мәселесінің теориялық негізін жетік меңгергенін айғақтаса, *екіншіден*, зерттеудің *бірінші нәтижесінің жаңа* екендігін дәлелдейді.

**3.2. Екінші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі** – болашақ бейнелеу өнері мамандарын экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастырудың моделі жасалып, оның өлшем, деңгейлерінің нақтылы анықталуы эксперимент нәтижелерімен айқындалған. Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру моделі мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік, рефлексік компоненттерімен, көрсеткіштері, сондай-ақ болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың жоғары,

орта, төмен деңгейлері анықталуы екінші нәтиженің шынайылық дәрежесін көрсетеді.

**3.3. Үшінші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі** – Бейнелеу өнері мамандығының білім берудің оқу-әдістемелік құжаттарына, кәсіптендіріліген пәндердің оқу, типтік, әдістемелік бағдарламаларына және болашақ бейнелеу өнері мамандарына жүргізген сауалнамалары мен анкета нәтижелеріне қарай, кәсіптендірілген пәндер мазмұндарында экодизайн технологиялары мен материалдарын өздігінше анықтап, экодизайн технологиялары жіктемесі мен экодизайн материалдарының ерекшеліктері сипаттамасын жасауы да үшінші нәтиженің шынайылық дәрежесін көрсетеді.

**3.4 Төртінші ғылыми нәтиженің шынайылық дәрежесі** – бейнелеу өнері мамандарының экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыруға байланысты бейнелеу өнері және сызу мамандықтарындағы кәсіптендірілген пәндер «Сәндік қолөнер негіздері», «Дизайн негіздері» бағдарламасы мазмұндарына қосылған қосымшалар мен «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәнін оқытуды жаңартылған білім беру мазмұны әдістерімен негіздеуімен, «Экодизайн және технология» атты оқу-әдістемелік құралының дайындалуымен дәйектелінеді. Бейнелеу өнері мамандарының экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастырудың ғылыми тұрғыдан негізделген әдістемесі жасалған, тәжірибеде сынақтан өтуі арқылы дәлелденуі, төртінші нәтиженің шынайылық дәрежесін көрсетеді.

**4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы**

Диссертациялық зерттеу жұмысының орындалуындағы жүйелілік докторанттың «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі», «Сәндік қолөнер негіздері», «Дизайн негіздері» пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесін жеткілікті игергендігін көрсетеді. Ғылыми болжамның дұрыстығына зерттеу нәтижелері кепіл бола алады. К.М. Бекболатованың диссертациялық зерттеуінің ғылыми тәжірибелік нәтижелері кіріспедегі және екі тараудағы теориялық-әдістемелік мазмұнының ішкі бірізділігімен, құрылымдық жалпы тұтастығымен және зерттеу қорытындыларының қисындылығымен анықталады.

**5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама** Ғылыми зерттеудің нәтижелері бойынша докторант К.М. Бекболатованың ҚР Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда – 3, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда – 6, шетелдік ғылыми басылымдарда – 3, Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар ғылыми журналда 1 мақаласы және 1 оқу-әдістемелік құралы жарық көрген.

**6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер**

Бекболатова Куралайдың докторлық диссертациясы өз бетімен жазылған, толық аяқталған жұмыс деп есептейміз. Докторант қойылған мақсат пен міндеттерді толық шеше білген. Ғылыми жұмыстың құнды

идеялары басым болғанмен, диссертациялық жұмыста мынадай кемшіліктер бар:

1. Докторанттың диссертациясында болашақ бейнелеу өнері мамандарының экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыру маңыздылығын анықтауы мен оны сипаттап көрсетуі орынды. Десе де, экодизайн технологияларының ерекшеліктеріне тереңірек талдау жасағанда артық болмас еді.

2. Эксперимент барысында болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудағы қолөнер бұйымдарының материалдары түрлері толық сипатталса, жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

3. Диссертацияның рәсімделуінде стильдік, орфографиялық қателер кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ескертулер зерттеу жұмысының жалпы мазмұнына нұқсан келтірмейді, диссертациядағы жалпы нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік ғылыми құндылығын төмендетпейді.

**7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру. Ережелерінің талаптарға сәйкестігі.**

Докторант К.М. Бекболатованың 6D010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға дайындалған «Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысының орындалу деңгейі, теориялық практикалық маңыздылығы ҚР БЖҒМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің, «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, оның авторына 6D010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

**Рецензент**

**С.Сейфуллин атындағы**

**Қазақ агротехникалық**

**университетінің профессоры,**

**педагогика ғылымдарының докторы**

**Т.Қ.Мусалимов**

